

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 9қыркүйек 2025 жыл

Төрайымы: Г.Тилеубаева
Хатшысы: Иманкулова Л
Барлық педагогтар саны: 11
Қатысқан педагогтар саны: 11

КҮН ТӘРТІБІ:

3. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы. Әдіскер: Болысбаева М

ТЫҢДАЛДЫ:

Сюжетті-ролдік ойынның міндеті баланың қызығушылығын тугызып, сезімін оятып, рухани- адамгершілік қасиеттерін арттыру болып табылатынын айта келе, психолог Д.Б.Элькониннің сюжеттік-ойындарға берген анықтамасын айтты. Ол: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» - деген екен. Шынында да, сюжеттік рөлдік ойындардың көзі - балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді.


Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны: үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Қазіргі заманның психологиялық –педогогикалық зерттеулерде сюжетті ойын - адамның кез келген іс-әрекеті сияқты - балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжетті ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде - әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті. Тәрбиеші балаларға көбінесе сюжетті – рөлді ойындарды ойнатқаны дұрыс. Себебі балалар ойын барысында өздеріне берілген рөлді аса жауапкершілікпен қабылдап, өздерін бір уақыт ересектер санатын қосып, ойлау қабілеттері дамиды.

ШЕШІМ:

1. Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын.

кеңес төрайымы  М.Тилеубаева

Хатшы:

 Л.Иманкулова

